

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Жаратылыстану және география
институтының директоры
К.Д.Каймулдинова
2018 ж.

**6М060900 – география мамандығы
бойынша қабылдау емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**


Алматы, 2018

Бағдарламаны құрастырушылар: г.ғ.д., профессор Абдиманапов Б.Ш.

г.ғ.к., аға оқытушы Боранкүлова Д.М.

Елтану және туризм кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды. № 9 хаттама.
«23» 04 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ЖГИ директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары



Абдиманапов Б.Ш.

Мукатаева Ж.С.

Бағдарлама Жаратылыстану және география институтының Ғылыми Кеңесінің
отырысында мәжілісінде талқыланды.

«24» 04 2018 ж., хаттама № 9

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жер – Күн жүйесіндегі планета ретінде. Жердің айналуы мен оның салдарлары. Күн жүйесіндегі өзге планеталар ішіндегі Жердің орны. Күннен қашықтығы. Пішіні мен өлшемдері. Жер қозғалыстары. Орбиталық және осьтік қозғалыс. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы. Тенесу күндері.

Жердің құрылымы, құрамы, геологиялық дамуы жайында қазіргі көзқарастар. Литосфералық тақталар тектоникасы жайындағы концепцияның негізгі жағдайлары. Жердің жасы, Жер құрылымы: ядро, мантия, жер қыртысы. Жер қыртысының құрамы: магмалық, шөгінді, метаморфтық тау жыныстары. Жер қыртысының құрылымы: материктік және мұхиттық жер қыртысы. А.Вегенердің «материктер дрейфі гипотезасы». Қазіргі Жер бетінің қалыптасуы.

Жер бедерінің қалыптасуындағы тектоникалық процестердің рөлі. Неотектоника туралы түсінік. Жер бедерін қалыптастыратын ішкі күштер, олардың әрқайсысының ықпалы. Тектоникалық процестердің сипаты. Неотектоника – жана тектоникалық қозғалыстар. Неотектоникалық қозғалыстардың сипаты (көтерілу, төмен түсу және т.б.) және қарқындылығы.

Жер бедерін қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлар. Жер бедерін қалыптастырушы эндогендік факторлар: тектоникалық қозғалыстар (жер қыртысындағы қатпарлы, жарықшақты, тік және тербелмелі қозғалыстар). Жер қыртысындағы неотектоникалық қозғалыстардың жер бедерін қалыптастырудағы рөлі. Магматизм және жер бедері. Жер сілкірудің жер бедерін қалыптастырудағы орны. Жер бедерін қалыптастырушы экзогендік факторлар: химиялық, физикалық және органикалық үгілу. Флювийлік процестер мен оның түрлері. Карст, карстық бедер пішіндері. Гляциалдық процестер. Мәңгі тоң аймағындағы жер бедері. Аридтік аймақтардағы бедер пішіндері. Теңіздің жағалық процестері.

Жер планетасы. Пішіні және өлшемі. Жердің ішкі құрылысы. Жердің пішіні. Геоид туралы түсінік. Жердің өлшемдері (экватор ұзындығы, радиус өлшемдері). Ішкі құрылысы: ядро, мантия. Жер магнетизмі.

Жер қыртысының даму кезеңдері. Геохронологиялық кесте. Жердің архейлік кезеңдегі дамуы. Жердің протерозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің палеозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің мезозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің кайнозойлық кезеңдегі дамуы. Абсолюттік және салыстырмалы жасты анықтау әдістері. Геохронология кесте туралы түсінік. Стратиграфия ұғымы. Абсолюттік және салыстырмалы геохронология. Зерттеу әдістері. Геохронологиялық кесте. Стратиграфиялық негізгі бөлімдер. Жердің және жер қыртысының жасын анықтау.

Минералдар және тау жыныстары. Тау жыныстарының жіктелуі. Жер қыртысының минералогиялық құрамы. Минералдар. Минералдардың физикалық қасиеттері. Моосшкаласы. Минералдардың шығу тегі. Минералдардың жіктелуі. Таужыныстары және олардың шығу тегіне қарай жіктелуі.

Климат қалыптастырушы факторлар (күн радиациясы, атмосфера циркуляциясы, жер бедері, мұхиттардың алыс және қашықтығы, төсеніш беттің сипаты). Күн радиациясы: тура, шашыраңды және жиынтық радиация; Оның Күн сәулесінің түсу бұрышына тәуелділігі. Циклон, антициклон. Қысым белдеулері. Жер бедерінің климатқа әсері, климаттық «барьерлер». Мұхит ағыстарының климатқа әсері.

Атмосфера. Құрамы және құрылысы. Атмосфераны қорғау проблемалары. Жер атмосферасы жайлы жалпы мәліметтер. Атмосфераның құрамы мен құрылысы. Атмосфераның маңызы және оны қорғау.

Жер климаты. Б.П. Алисов бойынша климаттық белдеулер. Негізгі сипаттамалары. Жер шарының климаттық аудандастырылуына негіз болған принциптер.

Климаттық белдеулер. Негізгі және өтпелі климаттық белдеулер. Жер шарындағы кең таралған климат типтері.

Жер бетінде атмосфералық қысымның таралуы және желдердің басым бағыттары. Атмосфералық қысым, өлшеу бірліктері, жер бетінде тік және көлденең бағытта таралу заңдылықтары. Жоғары және төмен қысымды орталықтар. Ауа массаларының қозғалу себептері. Желдердің басым бағыттары және олардың маусымдық өзгерістері.

Адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде табиғаттың өзгеруі. Адамның шаруашылық әрекеті кері ықпалын тигізген аудандарды анықтау. Антропогендік және мәдени ландшафт.

Климаттың қазіргі ғаламдық мәселелері. Климаттың жаппай жылынуы, оған әсер ететін факторлар. «Жылыжай» (парник) эффектісі. Мұздықтардың еруі.

Дүниежүзілік мұхит сулары, оның қасиеті. Негізгі ағыстары мен олардың маңызы. Мұхитты қорғау мәселелері. Дүниежүзілік мұхит – географиялық қабықтың біртұтас табиғат объектісі. Морфометриялық көрсеткіштері. Оның бөліктері. Мұхит суы тұздылығы. Су температурасы. Мұхиттағы су қозғалыстары. Толқындар. Ағыстар: жылы, суық. Пассаттық ағыстар, Батыс желдер ағысы. Мұхиттағы ағыстар циркуляциясы. Мұхитты қорғау мәселелері.

Жер шарындағы су айналымы, оның негізгі бөліктері мен маңызы. Үлкен және кіші су айналымдары. Айналым бөліктері. Беткі ағын, оның су айналымындағы маңызы.

Гидросфера, оның негізгі бөліктері. Гидросфераны қорғау проблемалар. Гидросфера. Гидросфера құрылысы, қасиеттері. Үлкен және кіші су айналымы. Дүниежүзілік мұхит суы, оның қасиеттері, табиғат ресурстары. Дүниежүзілік мұхит суларын қорғау проблемалары.

Су ресурстары. Жер бетіндегі тұщы су проблемасы. Тұщы су ресурсы. Оның таралу ерекшелігі. Тұщы судың ластануы және оны қорғау проблемалары.

Құрлық суы. Су ресурстары. Жер шарындағы тұщы су проблемасы. Жер шарындағы тұщы су проблемалары. Өзендер. Жер асты сулары. Өзендердің қоректенуі және су режимі. Көлдер. Батпақтар. Мұздықтар. Су ресурстары. Тұщы су проблемасы тән аймақтар.

Биосфера, оның Жер дамуындағы маңызы. Биосфера туралы түсінік. В.И.Вернадскийдің биосфера жайындағы ілімі. «Ноосфера» ұғымы. Биосфераның жалпы географиялық заңдылықтары.

Топырақ жамылғысы. В.В. Докучаевтың топырақ жайындағы ілімі. Топырақ түзуші факторлар. Топырақ анықтамасы, оның құрамы, құнарлылығы. Топырақ түзілуіндегі таужыныстардың, жер бедері, климат, су, микроорганизмдер, өсімдік, жануарлардың рөлі. Топырақ құрылымы, профилі, механикалық құрамы. Топырақ типтері. Жер бетінде топырақ типтерінің таралуы.

Дүние жүзінің географиялық белдеулері мен зоналары. Зоналылықты анықтаушы факторлар. Зоналар арасындағы негізгі ландшафттық айырмашылықтар. Географиялық белдеулер ұғымы. Табиғат зоналары. Зоналылықты анықтаушы факторлар. Зоналарға қысқаша сипаттама.

Географиялық қабықтың жалпы даму заңдылықтары. Географиялық қабық туралы түсінік. Құрамдас бөліктері мен компоненттері. Олардың арасындағы өзара байланыс. Географиялық қабық заңдылықтары: біртұтастық, зоналылық, ырғақтылық, энергия және зат алмасу.

Қазіргі географияның ғылымдар жүйесіндегі орны. География және оның салалары. Географияның басқа ғылымдармен байланысы. Жаңа зерттеу әдістері.

Географиялық карталардың мазмұны мен ерекшеліктері, олардың ғылыми және қолданбалы мәні. Карталардың жіктелуі. Географиялық атластар.

Картографиялық проекциялар және олардың түрлері. Картографиялық проекция жасау жолдары. Азимуттық проекция және олардың түрлері. Конустық проекция және

оның түрлері. Цилиндрлік проекция және оның жасалу жолдары. Поликонустық, псевдоазимуттық, псевдоконустық, псевдоцилиндрлік проекция түрлері.

Картаның математикалық негіздері. Географиялық ендік және бойлық. Масштаб және оның түрлері. Сандық масштаб, атаулы масштаб, сызықтық масштаб, көлденең масштаб, ірі, орта, ұсақ масштаб түрлері. Географиялық координаталар туралы түсінік. Географиялық ендік және географиялық бойлық ұғымдары.

Ландшафт туралы ілімі. Ландшафттардың морфологиясы жіктелуі.

География ғылымының негізгі даму кезеңдері. Антик дәуіріндегі сипаттаушы география. Орта ғасырлардағы саяхаттар. Карта жасау. Экспедициялық зерттеулер. Қазіргі заманғы география.

МАТЕРИКТЕР МЕН МҰХИТТАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Тынық мұхитына физикалық-географиялық сипаттама. Физикалық-географиялық орны, табиғатының басты ерекшелігі, мұхит түпкі жер бедері, климаты, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары, экологиялық проблемалары.

Атлант мұхитына физикалық-географиялық сипаттама. Физикалық-географиялық орны, табиғатының басты ерекшелігі, мұхит түпкі жер бедері, климаты, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары, экологиялық проблемалары.

Үндімұхитына физикалық-географиялық сипаттама. Физикалық-географиялық орны, табиғатының басты ерекшелігі, мұхит түпкі жер бедері, климаты, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары, экологиялық проблемалары.

Солтүстік Мұзды Мұхитқа физикалық-географиялық сипаттама. Физикалық-географиялық орны, табиғатының басты ерекшелігі, мұхит түбінің жер бедері, климаты, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары.)

Еуразияға физикалық-географиялық сипаттама. Табиғатының басты белгілері. Материктің қалыптасуы мен табиғатының даму кезеңдері. Ежелгі платформалар мен геосинклиналдық белдеулердің пайда болуы. Жамылғы және таулық мұз басу кезеңдері. Гипсометриялық және орографиялық көрсеткіштері.

Еуразияның климаттық жағдайы. Ауа температурасы, қысым мен басым желдер, жауын-шашынның жыл мезгілдеріне сәйкес таралу заңдылығы. Климаттық аудандастырылуы. Климаттық белдеулер мен облыстар.

Еуразияның ішкі сулары. Өзен торларының орналасуы. Өзен алаптары.

Еуразияның басқа материктермен құрлықтық байланысы, ол байланыстардың тіршілік дүниесі құрамына әсері. Материк ішіндегі зоналар жиынтығы. Реликт және эндемик өсімдіктер мен жануарлар.

Физикалық-географиялық аудандастырылуы, ішкі табиғат айырмашылықтары.

Солтүстік Америкаға физикалық-географиялық сипаттама. Табиғатының басты белгілері. Материктің қалыптасуы мен табиғатының даму кезеңдері. Солтүстік Америка платформасы мен геосинклиндік белдеулердің пайда болуы. Кордильердегі оротектоникалық белдеулер. Жамылғы және таулық мұз басу кезеңдері. Гипсометриялық және орографиялық көрсеткіштері.

Солтүстік Американың климаттық жағдайы (Еуразиядан басты айырмашылығы). Ауа алмасуының меридиандық бағыты. Ауа температурасы, қысым мен басым желдер, жауын-шашынның жыл мезгілдеріне сәйкес таралу заңдылығы. Сұрапыл дауыл (ураган), сұрапыл құйын (торнадо) құбылыстары. Климаттық белдеулер.

Солтүстік Американың ішкі сулары. Өзен торларының орналасуы. Алаптар.

Солтүстік Американың Еуразиямен және Оңтүстік Америкамен құрлықтық байланысы, ол байланыстардың тіршілік дүниесі құрамына әсері. Материк ішіндегі зоналар жиынтығы. Реликт және эндемик өсімдіктер мен жануарлар.

Физикалық-географиялық аудандастырылуы, ішкі табиғат айырмашылықтары.

Оңтүстік Америкаға физикалық-географиялық сипаттама. Табиғатының жалпы ерекшеліктері. Гондваналық Оңтүстік Америка ежелгі платформасының дамуы. Анд

катпарлы белдеуінің дамуы. Материк жер бедерінің айқын екі бөлікке жазық-платформалық және батыстағы Анд катпарлы белдеуіне бөлінуі, оларға сәйкес келетін жер бедері пішіндері.

Климаттық аудандастыру. Биік таулық және Атлант мұхит жағалауындағы жазық жер климаты. Белдеулер ішіндегі климаттық айырмашылықтар.

Гидрографиялық тордың таралу ерекшелігі. Амазонка өзен жүйесіне сипаттама. Қазіргі мұз басу аудандары.

Топырақ және өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің белдеулер бойынша таралуы. Экваторлық және тропиктік белдеулердегі мәңгі жасыл ылғалды ормандар (гилея). Саванналар мен тропиктік сирек ормандар. Солтүстік (льянос) және оңтүстік жарты шар (кампос) саванналары арасындағы айырмашылықтар. Тропиктік және субтропиктік белдеулердегі шөлдер мен шөлейттер, жағалық шөлдер, пампа. Анд тауындағы биіктік белдеулік.

Африкаға физикалық-географиялық сипаттама. Материк табиғатының жалпы ерекшеліктері. Гондваналық Африка-Арабия ежелгі платформасының дамуы. Африка шегіндегі альпілік катпарлы аймақ. Шығыс Африка грабендер жүйесінің түзілуі. Материктің жағалық пішіндегі өзгерістер. Жер бедерінің негізгі ерекшеліктері.

Африка климатының өзіне тән ерекшеліктері. Экватордың екі жағындағы орны мен Еуразия материгімен көршілес орналасуының климаттық жағдайға тигізетін әсері. Африканың климаттық белдеулері.

Экваторлық, субэкваторлық, тропиктік және субтропиктік климаттық белдеулер. Агроклиматтық ресурстар.

Ішкі сулардың материк бойынша таралуының әркелкілігі. Ағынның жауын-шашын мөлшері мен жер бедеріне тәуелділігі. Беткі ағын болмайтын аудандар, оның себебі. Ніл өзені. Шығыс Африка көлдері.

Африкадағы тіршілік дүниесінің өзіне тән басты белгілері. Голарктикалық, Палеотропиктік өсімдіктер дүниесі. Мадагаскар аралы мен Кап флорасының ерекшеліктері.

Аустралияға физикалық-географиялық сипаттама. Аустралия – Жер шарындағы ең кіші материк. Табиғатының басты белгілері. Материктің қалыптасуы мен табиғатының даму кезеңдері. Табиғат ресурстары. Климаттық жағдайы мен ішкі климаттық айырмашылықтары. Климаттық белдеулері мен климат типтері. Органикалық дүниесінің құрамы. Эндемик жануарлар.

Мұхит аралдарына физикалық-географиялық сипаттама. «Мұхит аралдары» ұғымы. Тынық мұхитының орталық және батыс бөлігіндегі географиялық орны. Тынық мұхит табаны құрылымы мен байланысы. Аралдардың генетикалық типтері. Климаттық және табиғат жағдайларындағы орталық пен ерекшеліктері. Аралдардың пайдалы және мәдени өсімдіктері. Мұхит аралдарының физикалық-географиялық аудандастырылуы. Полинезия, Микронезия, Меланезия және Жаңа Зеландия.

Антарктида және Антарктика. Физикалық-географиялық сипаттама. Антарктика және Антарктида ұғымдары. Табиғатының басты ерекшеліктері. Тасты және Мұзды Антарктида. Антарктиданың қазіргі зерттелуі. Халықаралық геофизикалық жыл денгейіндегі зерттеулер. Климаты мен органикалық дүниесі.

ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

ТМД аумағының геологиялық және тектоникалық құрылымы. Кембрийге дейінгі қалыптасқан ежелгі платформалар. Палеозой катпарлықтары. Эпигерциндік платформалар. Мезозой катпарлығы. Кайнозой катпарлықтары. ТМД аумағында антропоген дәуірінде болған негізгі оқиғалар.

Орта Сібірдің физикалық-географиялық сипаттамасы. Географиялық орны. Географиялық құрылысы. Сібір платформасы. Жер бедері. Климаты. Ішкі сулары. Тондану. Табиғат зоналары. Табиғат ресурстары.

Дүние жүзінің және ТМД елдерінің салыстырмалы түрде отын-энергетика кешеніне сипаттамасы. Отын-энергетика кешені туралы түсінік. Дүние жүзінің және ТМД елдерінің отын-энергетика кешенінің жағдайы. Отын және энергетика ресурстарының түрлері. ТМД және дүние жүзі бойынша көмірдің, газдың, мұнайдың, уранның сақталған қоры. Аудандарда өндірілетін отын-энергетика кешеніне экономикалық-географиялық баға беру. Электр жүйелері, электр станцияларының түрлері, электр энергетикасын орналастыру географиясы, ТМД энергетикалық жүйелер мен басты мәселелері.

Халықаралық экономикалық байланыстар: халықаралық туризм және капиталды тасымалдау, сыртқы сауда, несие беру мен қызмет көрсету. Халықаралық экономикалық байланыстың түрлері. Дамушы және дамыған елдер арасындағы сыртқы экономикалық байланыс. Халықаралық туризмнің дүние жүзілік шаруашылықтағы сауда экономикалық байланыс ретінде. Сауда, сауда түрлері және халықаралық жүк тасымалдау. Дамыған елдер, ТМД, Батыс Еуропадан т.б. елдерден шыққан негізгі капитал ағымын орналастыру. Халықаралық ұйымдар және несие беретін мемлекеттер.

Экономиканың дамуындағы көліктің маңызы мен ерекшелігі. Көлік түрі. Олардың қазіргі замандағы даму ерекшеліктері мен даму қарқыны. Сыртқы көлік магистралдары. Шаруашылық қалыптасуы мен дамуындағы көлік магистралдарының ерекшеліктері. Көлік түрлері мен орналасу ерекшеліктері. Қазіргі көлік жолдары. Жетекші жолдары мен магистралдары. Құбыр, автомобиль және темір жолдарының жобалары. Бір жүйелі көлік-коммуникациялық кешенін жасау.

ТМД негізгі шаруашылық құрылымы. ТМД негізгі шаруашылықтың даму салалары мен оның дамудағы қиындықтары. Өндірістік және ауыл шаруашылығы салалары және даму деңгейі. Нарықтық жағдайдағы шаруашылықтың жаңа салалар, шаруашылық салаларының құрылымдық өзгерістері. Өндіріс күштерінің заңдылықтары, принциптері мен факторлары. Шаруашылықтың комплексті-салалы секторлары. Өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп салалары.

ТМД елдерінің саяси, экономикалық, саяси байланыстарының даму мәселелері мен болашағы. ТМД экономикалық-әлеуметтік мәселелер. Жаңа сыртқы экономикалық байланыстарының саяси аспектілері мен нарықтық шаруашылықтағы байланыстар, ортақ жасалынып жатқан жұмыстар. Халықаралық ұйымдар мен ТМД елдері арасындағы маңызы.

ТМД елдерінің металлургиялық кешені: металлургияның салалық құрылымы және оның дамуы. Металлургиялық базалар. Металлургиялық кешен. Түсті және қара металлургия салалары және даму деңгейі мен шығу тарихы. Негізгі металлургиялық базалар. Кен түрлері мен сақталған қорлары. Өндіріс орындары мен негізгі өндіру орталықтары.

ТМД елдеріндегі негізгі географиялық даму ерекшеліктері мен өндіріс орындарының орналасу ерекшеліктері. Өндіріс орындарын орналастыру және даму факторлары. Ауыл шаруашылығы мен өндірістік орындар арасындағы халықаралық байланыс. Өндіріс салаларындағы мәселелер.

ТМД елдері халықтар географиясы. Халықтар географиясына жалпы сипаттама (саны, шынайы өсу, құрылымы, құрамы). Өсу мен орналасуға әсер етуші факторлар және халық саны, тығыздығы. ТМД қалалары мен ерекшеліктері. Халықтың сыртқы және ішкі миграциясы. ТМД демографиялық мәселелері. Халықтың саны, өсуі, жыныс-жастық құрамы. Аумақ бойынша халықтар орналасуының ерекшеліктері.

ТМД елдерінің даму болашағы. Экономикалық, саяси және басқа байланыстарының даму проблемалары мен болашағы. Шикізат базалары, орналасу факторлары, ірі орталықтары.

ТМД елдері өнеркәсібі дамуы. Өнеркәсіптің дамуы мен орналасуының басты географиялық ерекшеліктері. Өнеркәсіп орналасуына әсер ететін факторлар. Өнеркәсіп орналасуының аумақтық ілгерлеушіліктері.

ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Дүниежүзінің қазіргі заманғы саяси картасы. Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылымдары мен басқару формаларының түрлері. Дүниежүзінің саяси картасының қалыптасуы және мазмұны. Дүниежүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдері. Дүниежүзінің саяси картасының объектілері. Қазіргі саяси картаға тарихи-географиялық шолу. Қазіргі саяси картадағы тәуелді елдер мен жер аумақтары. Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылысы. Мемлекеттік құрылыстың республикалық және монархиялық түрлері. Мемлекетті басқарудың басқада формалары. Елдің саяси-әкімшілік құрылысының негізгі түрлері. Қазіргі дүниежүзі елдерінің типологиясы.

Дүниежүзінің дамыған елдері. Осы елдер топтарына жалпы экономикалық-географиялық сипаттама. Экономикасы дамыған елдерге жалпы сипаттама. Жоғары дамыған елдер. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері. «Қоныс аударған капитализм» елдері. Экономикасы дамыған елдердің экономикалық-географиялық жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Экологиялық жағдайы және табиғат қорғау шаралары. Халқы. Еңбек ресурстары. Халықтың орналасуы және тығыздығы. Шаруашылығы. Ішкі айырмашылықтары. Өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығы. Көлік жүйесі. Өндірістік емес салалары. Сыртқы экономикалық байланыстары. Туризмі.

Дүниежүзінің дамушы елдері. Осы елдер топтарына жалпы экономикалық-географиялық сипаттама. Дамушы елдердің негізгі топшалары және олардың басты ерекшеліктері. Жетекші дамушы елдер. Қытай, Үндістан. Жаңа индустриялық елдер. Корея Республикасы. Малайзия, Сингапур, Бразилия, Мексика, Аргентина. Плантациялық шаруашылық елдері. Мұнай экспорттаушы елдер. «Жалға пәтер беруші елдер». Даму деңгейі төмен елдер.

Дүниежүзінің жаңа индустриалды елдері: Осы экономикалық топтарға географиялық сипаттама. Корея Республикасы, Тайвань, Сингапур, Малайзия, Тайланд, Индонезия. Даму үлгілері. Географиялық орны. Табиғат жағдайы және ресурстары. Халқы. Халқының құрамы. Экономикалық-әлеуметтік дамуы. Шаруашылығы. Экспорты. Импорты. Сауда серіктестіктері.

Дүниежүзінің халықтар географиясы. Халықтардың табиғи өсуі. Демографиялық саясат және оның әртүрлі елдердегі ерекшеліктері. Дүние жүзі халқының саны және ұдайы өсуі. Халықтың жастық-жыныстық құрамы. Еңбек ресурстары. Халқының нәсілдік және ұлттық құрамы. Халықтың тілдік құрамы. Діндердің таралуы. Халықтың тығыздығы, орналасу ерекшеліктері мен қозғалысы. Қоныстану түрлері. Урбандалу.

Дүниежүзінің отын-энергетикалық өнеркәсібі. Отын-энергетика кешенінің құрамы. Отын-энергетика балансы. Дүние жүзіндегі ірі отын-энергетика аймақтары. Қазіргі кездегі энергетиканың маңызы. Энергетиканы дамытуда ГТР-ның маңызы. Мұнай өнеркәсібі. Дүние жүзінің жеке аймақтары мұнай тасымалдау бағыттары. Мұнайды шетке шығаратын елдер. Дүние жүзі бойынша мұнай өндіру аймақтары. Газ өнеркәсібі. Табиғи газдың негізгі қорлары. Табиғи газға бай елдер. Табиғи газдың халықаралық жүк айналымындағы басты бағыты. Көмір өнеркәсібі. Дүние жүзіндегі көмірдің өндірісінің дамыған аймақтары. Көмірді сыртқа шығаруға маманданған елдер: АҚШ, Канада, Аустралия, ОАР. Дүние жүзіндегі ірі көмір өндіруші елдер. Электр энергетикасы. ЖЭС. СЭС. СЭС-терден электр энергияны өндіруші алдыңғы қатарлы елдер: АҚШ, Ресей, Бразилия, Канада, Қытай, Норвегия. АЭС. Ірі АЭС-тер: АҚШ, Жапония, Франция, ГФР, Ресей. Ірі АЭС-тер: Фукусима (Жапония), Гравлин (Франция), Брус (Канада), Ангра

(Бразилия). Дәстүрлі емес электр энергетикасы Геотермалды, су толқынына негізделген, жел электр энергетикасы.

Дүниежүзінің машина жасау өнеркәсібі. Машина жасау өнеркәсібі және металл өңдеу. Қазіргі заманғы машина жасау. Машина жасау салалары. Машина жасау өнеркәсібінің дамуына ГТР-ң әсері. Машина жасау өнеркәсібі өндірісінің орналасуына әсер етуші факторлар. Дүниежүзіндегі машина жасау өнеркәсібінің негізгі орталықтары. Электр техникасын жасау және оның жетекші елдері. Көлік машиналарын жасау. Автомобиль өндірісінің негізгі орталықтары. Жеке елдердегі автомобиль өндірісінің барысы. Жалпы машина жасау өндірісі және оның жетекші елдері.

Қара металлургияға экономикалық-географиялық сипаттама. Қара металлургия және оның басқа салалармен байланысы. Қазіргі кезеңдегі қара металлургия кәсіпорындары. Темір кені қорларының таралуы. Дүниежүзінде қара металлургия өндірісі бойынша жетекші елдер.

Түсті металлургияға экономикалық-географиялық сипаттама. Түсті металлургияға жалпы сипаттама. Түсті металлургияның түрлері. Ауыр, жеңіл, баяу балкитын және сирек кездесетін түрлері. Түсті металлургияның салалық құрамы. Түсті металлургияның шикізат көздері. Түсті металлургия кәсіпорындарының орналасу ерекшелігі. Түсті металлургияның негізгі орталықтары.

Шығыс Африка (Эфиопия мысалында). Шығыс Африка аймағының құрамы. Шығыс Африканың басты ерекшеліктері. Эфиопия мемлекетіне жалпы шолу. Мемлекеттің құрылымы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы. Шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы. Көлік географиясы. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Дүниежүзінің ауыл шаруашылық географиясы. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының орналасқан аудандары. Ауыл шаруашылығының жалпы сипаты. Ауыл шаруашылығын құрылымы мен формалары. Дамыған тауарлы ауыл шаруашылығы. Дәстүрлі тұтынушы ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы және ГТР. Агроөнеркәсіптік кешен. «Жасыл революция» ұғымы. Өсімдік шаруашылығы. Азық-түлік дақылдарының басқа түрлері. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының орналасқан аудандары. Олардың орналасуының басты факторлары. Дүние жүзіндегі ауыл шаруашылығынан жетекші елдер.

Дүниежүзінің ауылшаруашылық географиясы. Мал шаруашылығының негізгі салаларының орналасқан аймақтары. Ауыл шаруашылығының негізгі салалары. Мал шаруашылығының түрлері. Мүйізді ірі қара. Сүтті-етті және сүтті бағыттары. Етті бағыттағы мал шаруашылығы. Олардың дамыған аудандары. Қой шаруашылығы. Қой шаруашылығы дамыған елдер. Құс шаруашылығы. Шошқа шаруашылығы. Мал шаруашылығын дамытудағы экстенсивті және интенсивті бағыттар. Омарта шаруашылығы. Жібек шаруашылығы. Терісі бағалы аңдар мен түйе құс өсіру шаруашылықтары. Мал шаруашылығы дамыған аудандардағы экологиялық проблемалар. Балық шаруашылығы.

Дүниежүзінің көлік географиясы. Дүние жүзіндегі көліктің даму сипаты. Дүние жүзі елдерінің қазіргі көлік жүйесі. Теңіз және өзен көлігі. Дүниежүзілік теңіз сауда флотының жетекші елдері. Негізгі теңіз жолдары. Дүниежүзілік ірі порттар. Дүниежүзілік маңызы бар теңіз каналдары. Ірі кеме жүзетін каналдар мен өзен жолдары. Темір жол көлігі. Дүниежүзіндегі теміржол желілерінің ұзындығы. Теміржол желілерінің тығыздығы өте жоғары елдер. Жоғары жылдамдықтағы теміржол желілері. Автомобиль көлігі. Дүниежүзіндегі автомобиль жолының жалпы ұзындығы. Трансконтиненттік магистралдар. Жүк тасымалындағы автомобиль көлігінің маңызы. Құбыр көлігі. Дүниежүзіндегі мұнай құбырларының қазіргі кездегі жалпы ұзындығы. Дүние жүзіндегі ең ірі мұнай құбырлары. Су асты құбыр желілері. Эуе көлігі. Дүние жүзіндегі ең ірі әуежайлар.

Дүниежүзінің химия өнеркәсібі: құрылымы, дамуы мен орналасуының басты ерекшеліктері, салаларының географиясы. Химия өнеркәсібінің негізгі салалары. Кен

химиясы, минерал тыңайтқыштарын өндіру, негізгі химия өнімдері, органикалық синтез, полимер материалдарын шығару. Химия өнеркәсібінің негізгі аймақтары.

Дүниежүзінің жеңіл өнеркәсібі: құрылымы, салаларының географиясы. Жеңіл өнеркәсібінің салалары. Тоқыма өнеркәсібі және оның типтері. Тігін. Былғары аяқ киім. Мех. Фарфор-фаянс. Дүниежүзінде тоқыма өнеркәсібі дамыған аймақтар.

Солтүстік Америка елдеріне экономикалық-географиялық сипаттама(АҚШ мысалында). Солтүстік Америка аймағына жалпы шолу. АҚШ-тың экономикалық-географиялық жағдайы. Мемлекет тарихы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы. Шаруашылығы. Көлігі. АҚШ-тың экономикалық-географиялық аудандары. Туристтік объектілері. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Мексика. Экономикалық-географиялық жағдайының басты ерекшеліктері. Интеграция - НАФТА . Ресурс тар қорын бағалау. Жалпы шолу. Географиялық орны. Пайдалы қазбалары және оларға шаруашылық тұрғыдан бағалау. Халқы. Ұлттық құрамы. Қала және ауыл халқы. Шаруашылыққа жалпы сипаттама. Экономикасы. Таукен өндіру өнеркәсібі, мұнай көзінің алатын орны. Өңдеуші өнеркәсіптің басты салалары. Басқа дамушы елдердің ішінде алатын орны. Ауыл шаруашылығы. Экспорты мен импортының құрылымы мен басты бағыттары. НАФТА-ның экономикасының дамуына әсері.

Батыс Еуропаның экономикалық-географиялық жағдайы (Германия мысалында). Германия Федеративті Республика. ГФР туралы жалпы шолу. Географиялық жағдайы. Табиғи жағдайы мен табиғи ресурстары. Мемлекеттік құрылымы және халқы. Көші-қоны проблемасы. Шаруашылыққа сипаттама. Автомобиль жасау ерекшеліктері. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Шығыс Еуропаның экономикалық-географиялық жағдайы (Польша мысалында). Польша Республикасы. Шығыс Еуропаның жетекші елі. Жалпы шолу. Географиялық жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы және саяси жүйесі. Шаруашылығына сипаттама. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Солтүстік Еуропаның экономикалық-географиялық жағдайы (Швеция мысалында). Географиялық жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы және саяси жүйесі. Шаруашылығына жалпы сипаттама. Экономикалық құрылымы. Ішкі экономикалық байланысы.

Оңтүстік Еуропаның экономикалық-географиялық жағдайы (Испания мысалында). Испанияның экономикалық-географиялық жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы және саяси жүйесі. Шаруашылығына жалпы сипаттама. Экономикалық құрылымы. Сыртқы экономикалық байланысы.

Бразилия - Латын Америкасы елдерінің көс басшысы. ЭГЖ. Ресурстық әлеуеті. Жалпы шолу. Аймақтағы ірі мемлекет. Географиялық жағдайы. Басты табиғи-ресурстық базасы. Халқы және саяси жүйесі. Қазіргі этникалық құрамы. Қалалық және ауылдық қоныстану. Шаруашылығына сипаттама. Жоғарғы экономикалық өсу қарқыны. Күшті аумақтық айырмашылықтар. Экономикалық құрылымындағы өзгерістер, индустриалды-аграрлы елге айналуы. Өнеркәсіп, оның даму факторлары. Сыртқы экономикалық байланыстар.

Азияның Жаңа индустриалды елдері. Жаңа индустриалды елдердің түрлері және олардың дамуын анықтаушы факторлар. «Жаңа индустриалды елдер» түсінігі. Қазіргі заманғы жаңа индустриалы елдер. Азиядағы индустриаландыру толқыны. Жаңа индустриалы елдердің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Шығыс Азияға экономикалық-географиялық сипаттама (Қытай мысалында). Жалпы шолу. Географиялық жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы мен мемлекеттік құрылымы. Шаруашылығына сипаттама. Ауыл шаруашылығы. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Оңтүстік Азияға экономикалық-географиялық сипаттама (Үндістан мысалында). Географиялық жағдайының ерекшелігі. Басты табиғат ресурстары. Олардың орналасу ерекшеліктері, экономикалық бағалау. Халқы. Мемлекеттік құрылымы.

Шаруашылығына жалпы сипаттама. Көп салалы экономика. Шаруашылығындағы салалар мен аумақтық құрылысындағы өзгерістер. Ауыл шаруашылығы. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Оңтүстік - Батыс Азияға экономикалық-географиялық сипаттама (Түркия мысалында). Елдің экономикалық-географиялық жағдайы. Мемлекеттік құрылымы. Табиғат ресурстары және олардың дүниежүзілік экономикадағы орны. Елдің демографиялық ерекшеліктері. Шаруашылығы және экономикалық байланыстары.

Аустралия және Мұхиттық аралдардың бір тұтас аймақ ретінде дамуындағы географиялық басты ерекшеліктер. Жалпы шолу. Географиялық жағдайы. Материк – ел. Қоныс аударушы капиталистік елдер. Австралияның басты ерекшеліктері. Табиғат жағдайын бағалау. Халқы және мемлекет құрылысы. Шаруашылығына сипаттама. Австралия экономикасындағы шетелдік капиталдың рөлі. Сыртқы нарыққа тәуелділігі. Тау-кен өндіру және өңдеуші өнеркәсібі. Басты өнеркәсіп орталықтары. Ауыл шаруашылығы. Көлігі. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Солтүстік Африкаға экономикалық-географиялық сипаттама (Египет мысалында). Географиялық жағдайы. Табиғат жағдайы және ресурстары. Халқы және мемлекеттік құрылымы. Шаруашылығына жалпы сипаттама. Экономикалық құрылымы. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Орталық Африкаға экономикалық-географиялық сипаттама (Конго Республикасына сипаттама). Географиялық жағдайы. Табиғат жағдайы және ресурстары. Халқы және мемлекеттік құрылымы. Шаруашылығына жалпы сипаттама. Экономикалық құрылымы. Сыртқы экономикалық байланыстары.

Оңтүстік Африкаға экономикалық-географиялық сипаттама (ОАР мысалында). Жалпы шолу. Қоныс аударушы капиталистік ел. ОАР мемлекеттік құрылысы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Географиялық жағдайы. Табиғат байлығы және минералдық ресурстарының көп түрлілігі, су және энергетикалық ресурстары. Нәсілдік және ұлттық құрамы. Халқы, халық саны, динамикасы. Шаруашылығы. ОАР екіжақты шаруашылығы. Тау-кен өндіру және өңдеуші өнеркәсібі, басты орналасу аумағы. ОАР-н дүние жүзілік нарықтағы шикізат өндірудегі орны.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан территориясының антик дәуіріндегі зерттелуі. Птоломей, Страбон, Геродот еңбектеріндегі Қазақстан аумағы туралы мәліметтер. Ежелгі карталарда қазақ жерінің бейнеленуі.

Қазақстан географиялық орны және оның табиғатына аумақтық ерекшеліктеріне әсері.

Қазақстанның геологиялық құрылысы. Негізгі тектоникалық құрылымы: кембрийге дейінгі және эпигерциндік платформалар, палеозойлық (каледондық және герциндік) қатпарлы облыстар.

Қазақстан аумағындағы кездесетін морфомүсіндер. Қазақстанның жер бедері және олардың типтері. Қазіргі жер бедерінің қалыптасуына неотектоникалық процестің әсері.

Палеозойдағы Қазақстан аумағының дамуы. Тау жасалу қозғалыстары мен қатпарлықтар. Жер бедеріндегі өзгерістер. Теңіз трансгрессиялары. Палеозойлық құрылымдар.

Қазақстанның қазіргі жер бедері. Қазақстанның қазіргі жер бедерінің қалыптасу жолдарына қарай топтастырылуы (тектоникалық-денудациялық, денудациялық, аккумуляциялық және аккумуляциялық-денудациялық).

Қазақстан аумағын геоморфологиялық аудандастыру. Л.С. Берг, М.М. Өтемағанбетов, З.А. Сваричевская.

Қазақстан жеріндегі атмосфералық жауын-шашынның таралуы. Жауын-шашынның таралуы және оның жылдық мөлшері. Оның жыл мезгілдері бойынша өзгеруі. Жауын-шашынның табиғатқа әсері.

Қазақстан территориясындағы ауа қысымының таралуы және желдердің басым бағыттары. Ебі, Сайқан, Арыстанды-Қарабас, Шілік, Мұғалжар желдері. Желдердің шаруашылықтағы маңызы. География ғылымы жүйесіндегі «Қазақстан физикалық географиясының» орны мен рөлі.

Қазақстан климаты. Қазақстан климатына жалпы сипаттама және климаттық аудандастырылуы.

Қазақстан аумағын климаттық аудандастыру. В.П. Алисов, Е.П. Кузнецов, М.М.Өтемағанбетов схемаларындағы аудандастыру принциптері.

Қазақстан өзен торы. Ағынның мұхитқа құятын және тұйық бассейндері. Өзендердің коректенуіне және молдылығына қарай типке бөлінуі. Өзендердің шаруашылық маңызы.

Каспий, Арал, Балқаш көлдеріне физикалық-географиялық сипаттама. Географиялық орны. Жағалау сызығы. Пайда болу жағдайлары. Аралдары. Климаты. Суының қасиеттері. Органикалық дүниесі. Экологиялық жағдайы.

Қазақстан тауларындағы қазіргі мұз басулар. Таралу ерекшеліктері. Қар сызығының биіктігі. Мұздықтардың өзендер коректенуіндегі рөлі.

Қазақстанның табиғат зоналары. Олардың қазіргі жағдайына кешенді сипаттама. Табиғат зоналарының таралу заңдылығы.

Қазақстанның жерасты сулары. Минералды және термальды сулар. Жерасты суларының шаруашылық маңызы.

Қазақстан аумағындағы температураның таралу заңдылығы (орташа жылдық, қантар және шілде температуралары). География ғылымы дамуының негізгі кезеңдері.

Қазақстанның көлдері, олардың таралу ерекшеліктері. Көл-қазан шұңқырларының типтері. Ащы және тұщы көлдер. Көлдердің шаруашылықтағы маңызы.

Қазақстанның топырақ жамылғысы. Оның таралу заңдылықтары. Азоналдық және интрононалық топырақтар.

Қазақстан аумағындағы қорғалатын аумақтар. Қазақстан мемлекеттік тұрғыдан қорғауға алынған аймақтары. Ұлттық саябақтар, табиғи қорықтары, қорықшалар, табиғат ескерткіштері.

Топонимика-географиялық атаулар туралы ғылым. Халықтық географиялық терминдер негізінде жасалған атаулар. Қазақстандағы географиялық атаулардың негізгі топтары (оронимдер, ойконимдер, гидронимдер, зоонимдер, фитонимдер). Топонимдердің тілдік құрылымы. Ландшафттық терминдер негізінде жасалған атаулар.

Қазақстанды физикалық-географиялық аудандастыру. Қазақстанды физикалық-географиялық аудандастырудың таксономиялық бөліктер жүйесі. Қазақстан тауларының биіктік табиғи белдеулері (Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу жотасы, Тянь-Шань).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯСЫ

Кіріспе. Қазақстан Республикасының нарықтық экономика жағдайында дамуы. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Ізденіс нысаны. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясының еліміз өмірі жайлы студенттерге білім берудегі маңызы. Пәннің республика шаруашылық өмірінің практикалық мәселелерін шешудегі міндеті мен мақсаты. Курстың оқытатын нысаны, оның басқа ғылымдар арасында алатын орны. Қазақстан шаруашылығының кеңестік кезеңіндегі даму жайы. Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі, оның міндеттері, елеулі жетістіктері, қиындықтары мен кемшіліктері.

Қазақстанның ТМД мен әлем картасындағы орны. Еліміздің аумағының көлемі, халқының саны, табиғат байлығының түрлері мен қоры, өнеркәсіп және

ауылшаруашылығының өнім көлемінен ТМД мен әлемде алатын орны. Қазақстан Республикасы шаруашылығының қазіргі даму жайы және болашағы.

Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайы. Қазақстан аумағының өте кеңдігі, оның шаруашылық салаларының орналасуы мен дамуына әсері. Шекарасы, көрші елдермен шектесуінің тиімді және қолайсыз жақтары. Көрші елдермен мемлекеттік шекараны ретке келтіру проблемасы. Еліміз экономикалық-географиялық жағдайының ерекшеліктері, оның экономика дамуына әсері. Қазақстан аумағының көрші елдер арасындағы трансаралық жайы. Қазақстанның Еуропа және Азия арасындағы рөлі, оның соңғы жылдардағы өзгерісі.

Қазақстанның табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары. Қазақстанның табиғи ортасы, Қазақстан табиғатына тән ерекшеліктер, оның шаруашылыққа әсері. Табиғи-ресурстық әлеует. Табиғат ресурстарының алуан түрлері, оның шаруашылықтың энергетикалық және шикізаттық базасы екендігі. Табиғат ресурстарының топтастырылуы, минералдық ресурстары, оның түрлері жөнінен ТМД елдері және әлемде алатын орны. Табиғатты қорғау, оның ресурстарын ұтымды пайдалану проблемасы.

Қазақстанның халқы және еңбек ресурсы. Қазақстан халқы санының өзгерісі, табиғи өсімі және көші-қон (миграция). Халықтың тығыздығы, оның аумақтық айырмашылықтары. Шетелдердегі қазақ диаспорасы, олардың өз отанына оралуы, оның әлеуметтік-экономикалық қиындықтары. Шетелдердегі қазақтар диаспорасының проблемасы. Халықтың ұлттық құрамы, ұлтаралық қатынас, ұлт ассамблеясының рөлі. ҚР Конституциясы Қазақстанды қоныстанған барлық ұлттар және халықтар тілдерінің тең құқығы жайлы. Халықтың дін құрамы және дінаралық проблемалар. Елді мекен типтері, орналасу ерекшеліктері. Еңбек ресурстары және оларды ұтымды пайдалану мәселелері. 2009 жылғы халық санағының қорытындысы.

Төңкеріске дейінгі Қазақстан шаруашылығы. Қазақстанда шаруашылықтың жаңа географиясын қалыптастыру. Қазақстан экономикасының Ресейге қосылғанға дейінгі шаруашылық географиясы және оның өзгерістері. Республика өндіргіш күштері орналасуы мен дамуының Қазан төңкерісінен кейінгі өзгерістері. ТМД елдерінің біртұтас экономикалық кеңістікті құру және Қазақстанда жаңа сипатты экономикалық және әлеуметтік географияны қалыптастыру.

Қазақстан шаруашылығы мен өнеркәсібіне жалпы шолу. Қазақстан мемлекетінің түрлі кезеңдеріндегі шаруашылықтың салалық құрылымы, оның даму жайы. Ондағы өнеркәсіптің алатын орны, оның салалық құрылымы және даму жайы. Қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың формалары.

Отын-энергетика кешені. Энергетиканың құрамы және оның шаруашылық дамуындағы маңызы. Қазақстанның энергетикалық ресурстары, оның түрлері және өнеркәсіптегі орны. Көмір, мұнай және газ өнеркәсіптері және олардың қазіргі даму жайы және болашағы. Каспий қайраңы мұнайын зерттеу және бұл жөнінде мемлекетаралық келісімдер. Каспий қайраңын игеру проблемасы.

Электроэнергетика шаруашылығы. Электроэнергетиканың шаруашылыққа маңызы. Қазақстанның энергия көздері: электр станцияларының типтері, олардың қазіргі даму жайы, қиындықтары және болашағы. Жаңа АЭС салу проблемасы. Дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану проблемасы. Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесін құру шаралары, ТМД елдерімен байланысты. Қазақстанның әлемдік энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі орны.

Металлургия өнеркәсібі. Конструкциялық материалдар өндірісі, оның құрамы және маңызы. Metallургияның республика шаруашылығындағы орны. Metallургияның салалық құрамы, кәсіпорындарының түрлері және олардың орналасу ерекшеліктері. Қазіргі даму жайы: шикізат базасы, түсті және кара металл рудалары, олармен Қазақстанның қамтамасыз етілу жайы.

Машина жасау өнеркәсібі. Қазақстанда машина жасаудың соғыс жылдарында қалыптасу ерекшелігі және оның еліміз экономикасында алатын орны. Салалық құрамы,

кәсіпорындарының орналасу ерекшелігі. Қазіргі даму жайы және болашағы. Кей салаларының кейін қалу себебі. Шетелдермен біріккен кәсіпорындардың пайда болуы, оның маңызы.

Химия және құрылыс материалдары және орман-ағаш өңдеу өнеркәсіптері. Бұл салалардың республика шаруашылығындағы орны. Салалық құрамы, шикізат базасы, кәсіпорындарының орналасу ерекшелігі, ірі орталықтары. Қазіргі даму жайы, қиындықтары. ТМД елдерімен өндірістік байланыстары. Қазақстанда мұнайхимиясы кешенінің даму жайы және оның болашағы.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені. Ауылшаруашылығының маңызы. Қазақстан шаруашылығында алатын орны. Қазақстанның жер қоры. Салалық құрамы, өсімдік және мал шаруашылығының қазіргі орналасу және даму жайы, оның қиындықтары. Қазақстанның астық шаруашылығы, астық және ұн экспорты. Ауылшаруашылығының зоналық және аудандар бойынша мамандануы.

Ауылшаруашылығы шикізаттарын өңдейтін тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары. Ауылшаруашылық шикізаттарын өңдеп, агроөнеркәсіп кешенінің соңғы өнімдерін шығаратын өнеркәсіп кәсіпорындарының орналасу ерекшеліктері. Тамақ, жеңіл өнеркәсіптерінің қазіргі даму жайы. Еліміз рыногын отандық өнімдермен толтыру проблемасы. Өнім сапасы және оның безендірілуін жақсарту мәселесі. Азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы.

Көлік кешені. Аумақтық-өндірістік байланыстар. Қазақстан аумағының өте кендігі және транзиттік экономикалық-географиялық жағдайымен байланысты шаруашылықтағы алатын орны. Көлік орналасуына табиғат жағдайының, халық тығыздығының және өндіріс орналасуының әсері.

Көліктің түрлері және оның жүк пен жолаушы тасымалындағы, географиялық еңбек бөлінісінің дамуындағы рөлі. Көліктің қазіргі даму жайы, қиындықтары және болашағы. Көлік және шаруашылықтың мамандануы. Қазақстан аумағы арқылы халықаралық маңызы бар магистралды жолдарды салу проблемасы.

Қызмет көрсету салалары. Туризм. Байланыс. Сауда. Білім. Ғылым. Өнер.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі және оның маңызы. Экономикалық қуаты, жалпы ішкі өнім өндіру көлемі, адамзаттың даму көрсеткіші жөнінен Қазақстанның әлемдегі орны. Табиғат ресурстарының түрлері, олардың қоры және өндіру көлемінен әлемдік қауымдастықтағы орны мен үлесі.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланысы. Қазақстанның тәуелсіздік алудан кейінгі әлем елдерімен халықаралық қатынастың сыртқы байланыс формаларына тартылуы. Байланыстың түрлері. Қазақстанның ТМД елдерімен экономикалық байланысы. Кедендік одақ және оның Қазақстан үшін тиімді, қолайсыз жақтары. Еліміздің алыс шетелдер, Еуропалық одақ, Азия және Америка елдерімен экономикалық байланысы. Сыртқы байланысының Қазақстан экономикасы дамуындағы алатын орны.

Қазақстанды экономикалық аудандастыру. Экономикалық аудан ұғымы және аудандастырудың мақсаты. Қазақстан аумағын экономикалық аудандастыру. Еліміздің экономикалық аудандары, олардың мамандану бағыты. Қазақстанның әкімшілік аумақтық өзгерістері. Аудандастыру принциптері (ұстанымдары).

Орталық Қазақстан ауданы. Ауданның құрамы, географиялық орны, экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігі, оның алуан түрлілігі. Халқының орналасу ерекшелігі. Қалалық елді мекендердің басымдық рөлі - кенттену және қала агломерациясы. Көмір-металлургия, машина жасау-химия кешендерінің мамандану себебі және даму жайы. Агроөнеркәсіп кешенінің қосалқы маңызы.

Шығыс Қазақстан ауданы. Ауданның құрамы, ҚР шаруашылығындағы орны. Экономикалық-географиялық жағдайы. Табиғаттың алуан түрлілігі, жер қойнауының табиғат ресурстарына молдығы. Халқының орналасу ерекшелігі. Түсті металлургия, су электр энергетика т.б. салаларының даму жайы және болашағы. Ауылшаруашылығы. Қазақстандағы негізгі орман, ағаш өңдеу өнеркәсіпті аудан екендігі.

Батыс Қазақстан ауданы. Жер бедерінің жазықтығы, климатының құрғақтығы, өзендерінің аз сулы болу ерекшелігі. Мұнай-газ, химия кешендері, металлургия және балық өңдеу өнеркәсіптері. Ауылшаруашылығы, мал шаруашылығы саласының жетекші рөлі. Интеграцияланған мұнай химиясы кешенінің даму болашағы.

Солтүстік Қазақстан ауданы. Ауданның құрамы, ҚР шаруашылығындағы орны. Табиғат жағдайының ауылшаруашылық өндірісіне қолайлылығы. Табиғат ресурстары. Халқының орналасу ерекшелігі. Астық, сүтті-етті мал шаруашылығы және оның шикізаттарын өңдеу, ауыр өнеркәсіп салаларының даму жайы. Астық шаруашылығын дамытудағы ауданның орны. Ауылшаруашылығы саласы кластерлерін дамыту проблемасы және оның алғышарттары.

Оңтүстік Қазақстан ауданы. Ауданның құрамы, ҚР шаруашылығындағы орны. Табиғат ресурстары. Артық еңбек ресурсты аудан екендігі және халықты еңбекпен қамту проблемасы. Агроөнеркәсіп кешенінің өсімдік және мал шаруашылықты-индустриалды цикл салаларының ұштасуы. Ауыр өнеркәсіп салалары кешені. Мақта шаруашылығы кластерінің қалыптасу, даму жайы және болашағы. Елімізді көкөніс, жеміс-жидек өнімдерімен қамтамасыз етудегі орны.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбілмәжінова С.Ә., Бейкитова А.Н. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, оқулық, Алматы: BOOKPRINT баспасы. 2013. - 520 бет. - 32,5 б.т.
2. Притула Т.Ю., Еремина В.А., Спрялин А.Н. Физическая география материков и океанов. Москва, ВЛАДОС, 2003. – 688 с.
3. Власова Т.В., Аршинова М. А., Ковалева Т. А. Физическая география материков и океанов. – М.:Академия, 2005. – 640 с.
4. Әбілмәжінова С.Ә., Жангелдина Д.І., Бейкитова А.Н. Палеогеография. – Алматы.:Экономика, 2011. - 360 б.
5. Әбілмәжінова С.Ә. Жалпы Жертану. – Алматы.:Дәуір, 2012. – 408 б.

Қосымша әдебиеттер және интернет көздері:

1. Короновский Н.В., Брянцева Г.В.Общая геология в рисунках и фотографиях.Учебно-методическое пособие.М.: ГЕОКАРТ-ГЕОС. 2011. 398 с.
2. Короновский Н.В., Хаин В.Е.Планета Земля от ядра до ионосферы. М.: Книжный дом Университет, 2007.244 стр.
3. Пирожник И.И., Рылюк Г.Я., Еловичева Я.К. География мировогоокеана. – Минск: ТетраСистемс, 2006. – 320 с.
4. Еремина В.А., Притула Т.Ю., Спрялин А.Н. Практикумпфизическойгеографииматериков и океанов. Москва: ВЛАДОС, 2005. – 255 с.
5. Әбілмәжінова С.Ә., Бейкитова А.Н. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, оқу-әдістемелік кешен. - Алматы: Ұлағат баспасы. 2012. – 120 б.
6. Әбілмәжінова С.Ә. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, әдістемелік құрал. - Алматы: Ұлағат баспасы. 2008. – 112 б.
7. Раковская Э. М., Давыдова М. И. Физическая география России. – М.: Владос 2 часть – 2001. – 304 с.
8. Рябчиков А.М. и др. Физическая география материков и океанов. М., Высшая школа, 1988. – 592 с.
9. Абдиманапов Б.Ш. Словарь-справочникгеографическихпонятий и терминов.- А., 2014. – 224 с.

10. Леонтьев О.К., Рычагов Г.И. Общая геоморфология. – М., 1988. – 319 с.
11. Забродская М.П., Усик Л.Е., Чикишев А.Г. Практикум по физической географии материков – М., 1989. – 142 с.
12. Машкин В. И. Зоогеография. – М.: Академический проект. – 2006. – 384 с.
13. Короновский Н.В. Общая геология. – М. 2006 – 528 с.
14. Рапацкая Л.А. Общая геология.- М.2005. – 448 с.
15. Савельева Л.Е., Козаренко А.Е. Геология часть 1.,2 М.; 2004. – 270 с.
16. Ананьев Г.С., Леонтьев О.К. Геоморфология материков и океанов. М., 1987. – 258 с.
17. Воронов П.П., Дроздов Н.Н. Биогеография. М., 2001. – 158 с.
18. Құсайынов С.А., Бексейітова Р.Т., Боранқұлова Д.М. Неотектоника және жер бедері. – Алматы: Қазак университеті, 2015. - 400 б.
19. wwwru.wikipedia.org/wiki
20. www.relief.ru
21. www.ocean.ru
22. wwwrgo.ru/geography/fiz_geography/slovar
23. www.geografia.ru
24. www.nature.worldstreasure.com
25. wwwgeography.about.com/library/maps
26. wwwgeo.historic.ru
27. wwwrgo.ru

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Географический энциклопедический словарь. Понятие и термины - М., 2008. – 324 с.
2. Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д. Жер туралы ғылымдардың казакша-орысша-ағылшынша терминологиялық сөздігін жасаудың мәселелері. - Алматы, 2010. – 92 б.
3. Моря и океаны. - М, 2010. - 304 с.
4. Атлас мира обзорно-географический. - М, 2007. - 177 с.
5. Современный атлас мира. - М, 2009. - 128 с.
6. Географический атлас мира. - М, 2002. - 104 с.
7. Универсиальный атлас мира. - М, 2006. - 312 с.
8. Большой универсиальный атлас мира.- М., 2007. - 224 с.
9. Иллюстрированный атлас (Земля). - М., 2008. - 199 с.

Кафедра менгерушісі, г.ғ.д., профессор

Абдиманапов Б.Ш.